



Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

УНИВЕРСИТЕТІМ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ректорының студенттерге үндеу хаты

Құрметті достар!

Біздің университетіміз еліміздегі жетекші жоғары оқу орны болып табылады.

«Аккредиттеу және рейтинг» тәуелсіз агенттігінің (НААР) сараптамасы бойынша, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қазақстанның жоғары оқу орындарының рейтингісінде үздік 4-орынды иеленді.

Қазіргі таңда білім ордамызды ғылыми-зерттеу университетіне көшіру бағытындағы жұмыстар белсенді жүзеге асырылуда. Осыған орай, университетіміздің материалдық-техникалық базасы түбегейлі жаңартылуда.

Бұл жаңашылдық бізге ғылыми-зерттеулерді жүргізуде түбегейлі өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Құрметті студенттер!

Қазіргі қоғамда, өкінішке орай, еліміздің дамуын тежейтін жағымсыз құбылыстар орын алуда. Соның бірі қоғамның құлдырауына апаратын, әлеуметтік жағымсыз құбылыс – жемқорлық болып табылады. Оған бәріміз бірге қарсы тұруымыз керек. Әсіресе, Сіздердің студенттік шақтан жемқорлықтың барлық залалын түсінгендеріңіз аса маңызды. Себебі, Сіздер – ертеңгі басшысыздар! Мемлекетіміздің гүлденуі мен кемелденуінің болашағы Сіздердің азаматтық жауапкершіліктеріңізге байланысты.

Біздің университет өз ісіне берілген оқытушыларымен ерекшеленеді. Білім ордамыздың бүгінгі табыстары – Сіздердің оқытушыларыңыздың тынымсыз еңбегінің жемісі. Қоғамдағы ата-аналар, белсенді азаматтар біздің университетімізді «жемқорлыққа бой алдырмаған оқу орны» деп жоғары бағалайды.

Дегенмен, Біз бұл зиянды құбылыстың тез етек алатынын естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан жоғары оқу орнында білім алуда Сіздердің басты мақсаттарыңыз – терең біліммен қаруланып, биік кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Мен бірнеше рет шетелдік оқу орындарының ректорларымен әңгімелестім. Батыстың оқу орындарында жемқорлық мәселесі жоқ, себебі оларда өз күшімен білім алу мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан. Студенттер оқу үшін ақша төлейді, соған сәйкес барынша жақсы білім алуға тырысады. Шетелдік университеттерде «жақсы бағаны сатып алу» түсінігі мүлдем жоқ! Студенттер терең білімсіз кәсіби табыстарға қол жеткізе алмайтынын нақты түсінеді. Біз де осы қағидаттарды өмір сүру заңдылығына айналдыруға кірісуіміз керек. **Білімді адамның басымдылығы – білім беру саласында жемқорлық құбылысын болдырмауында!**

Университет басшылығы өз тарапынан Сіздердің белсенді қолдауларына жан-жақты сүйенбей, жемқорлық құбылысына қарсы тұра алмайды. Егер Сіздер жемқорлыққа жол берген жағдайларды байқасаңыздар, тікелей ректор блогына жазуға болады. Сіздерге ректор блогына жазуға тыйым салуға ешкімнің де құқығы жоқ екендігін жеткіземін. Егер мұндай жағдайлар орын алса, олар тез арада тоқтатылады және кінәлілер жазаланады. Біздің университетімізде Сіздердің шұғыл хабарларыңызды тіркеп отыратын сенім телефоны жұмыс істейді (тел: 31-75-25).

Сонымен қатар, кейде студенттер талапшыл оқытушыларға жала жауып, жалған ақпарат жолдайтынын да ескертіп өткім келеді. Студенттердің мұндай әрекеті – адамгершілікке жатпайды, әдепсіз, қоғамға жат мінез. Жалған ақпаратқа жол бермеуіміз керек!

Құрметті студенттер, Сіздер менің ұсыныстарымды түсіністікпен қабылдайсыздар деген сенімдемін. Тек күшімізді біріктіріп, өзара шынайы сенімділік негізінде ғана Біз бұл мәселені түбегейлі шеше аламыз. Естерінде болсын, университетіміздің табысты жарқын болашағы оқытушылардың ғана емес, Сіздердің де жауапкершіліктеріңізге байланысты.

Құрметпен, университет ректоры, профессор

А.Қ. Күрішбаев

Жемқорлықтың алдын-алу – оқу орнымыздың басым бағыты

Жемқорлықтың алдын алу бағытында университет ұжымы Ғылыми кеңесте бекітілген кешенді бағдарламаға сәйкес жұмыс жасауда.

Бұл бағыттағы негізгі мақсаттарымыз:

- сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алып, жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту;
- білім алушыларға сапалы және ашық қызмет көрсету жүйесін қалыптастыру;
- оқу орнымызда заңның үстемдігін және азаматтардың құқықтарын қорғау;
- кәсіби қызмет көрсететін жүйені құру;
- қоғамдағы азаматтардың бағалауына құрметпен қарап, университеттің беделін сақтау, нығайту.

Ағымдағы оқу жылында университетімізде жемқорлықтың алдын алу бағытында бірлескен нақты іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бұл бағытта қызмет көрсететін департаменттердің жұмысын электронды жүйеге енгізу қалыптастырылуда. Бір терезе қағидасымен жұмыс жасайтын «Білім алушыларға қызмет көрсету» орталығы ашылды.

Жатақханаға өтініш тіркеу, орналастырудың электронды қызмет көрсету порталы қолданысқа енгізілді.

Бос лауазымдық орындарға ашық конкурс жариялау дамытылды.

Қызмет көрсететін департаменттер базалық ақпараттарды жинақтап, автоматтандыруды қолға алуда. Қазіргі уақытта оқу жұмысына қатысты кафедралардың штаттық жүктемесін бекіту, оқу, тәрбие үдерісіне қатысты құжатайналымын автоматтандыру жүйеленді.

2016-2017 оқу жылынан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілікті қалыптастыру үшін «Жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» атты жеке пән енгізілді.

Жалпы, жемқорлықтың алдын алу үшін, кейбір заңсыз әрекеттерден қорғану үшін оқытушылар мен студенттердің сауатты болуы да аса маңызды. Ғылыми кеңестің шешімімен Экономикалық теория және құқық кафедрасы оқытушыларының басшылығымен әр факультетке кураторлар тағайындалды. Олар сессия алдында барлық курс студенттеріне дәріс оқуды ұйымдастырады.

Барлық факультетте емтихан сессиясын тексеру комиссиясының жұмысы ұйымдастырылып, қадағаланды. Оқу орнымызда емтихан қабылдаушы оқытушыларды ауыстыру әдісі жақсы дамытылған. Студенттердің оқу үлгерімі туралы ақпарат беретін электронды журнал жандандырылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсықимыл агенттігімен бірлесіп, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» және «Жастар ортасындағы жауапкершілік және академиялық шыншылдық» атты бірыңғай дәріс сағаттары ұйымдастырылды. ЖІЖК-нің әзірлеуімен «Адал бол!» бейне-ролигі, ақпараттық плакаттар әзірленді.

Студенттерге жемқорлық әрекеттердің алдын алу бағытындағы университеттік жүйе туралы ақпараттар беріліп отырады (Басқарма төрағасының қабылдау күні және жеке блогы туралы; университеттегі сенім телефоны, сенім жәшігі туралы; факультеттердегі емтихан сессиясын тексеру комиссиясының жұмысы жайында).

Оқу орнымызда жемқорлықтың алдын алу мақсатында білімгерлердің пікіріне үнемі назар аударылады. Ол үшін жоспарлы түрде сауалнама жүргізіліп отырады.

Сауалнама жүргізу – студенттер мен университет басшылығы арасындағы байланысты реттейтін, студенттерге ойын ашық айтуға мүмкіндік беретін, университеттегі заң бұзушылықтың алдын алуға тірек болатын маңызды іс-шара болып табылады. Сауалнама сұрақтары әлеуметтік зертхана мамандарының сараптауымен құрастырылған және үнемі толықтырылып, өңдеуден өткізіліп қадағаланады. Бұл бағытта қысқы, жазғы сессиядан кейін автоматтандырылған «PLATONUS» жүйесінде жемқорлықтың алдын алу мақсатында студенттердің қатысуымен электронды сауалнамасы өткізіледі. 2017-2018 жылдың 1-ші жарты жылдығында 1-3 курс аралығында өткізілген сауалнамаға 5772 студент қатысты. Ағымдағы оқу жылында «Университет ата-аналар көзімен» сауалнамасы ұйымдастырылды. Оған 2634 ата-ана қатысты.

Жоғарыда аталған іс-шаралардың барлығы құқықтық тәрбиеге басымдық беріп, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да жастарға ой салатындай, жемқорлыққа төзбеушілік мінезді қалыптастыруға сеп болатындай насихаттау шараларын ұйымдастыра бермекпіз.

Басқарма төрағасының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.А.Құсайынова

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ДЕ САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚАЖЕТ



Нұрлан Амангелдіұлы, қазір оқу орнымызда білім беру үдерісінде жемқорлықтың алдын алу үшін қандай іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр?

Біз қазір барлық білім ордаларына қойылатын талапқа сай қимылдап жатырмыз. Ең алдымен, білім беру жүйесін автоматтандыру жұмысын бастаудамыз. Бұл дегеніміз кері пікірлердің орын алмауы үшін жасалып жатқан қадам. Университетімізде автоматтандырылған жүйеде платонустық бағдарлама жұмыс істейтін болады. Аталмыш платонуста білім алушының да, оқытушының да өздерінің құпия сөзі,

яғни паролі бар. Демек, барлық жеке басқа қатысты ақпараттар сол тұлғаның өзіне ғана мәлім болады деген сөз.

Сонымен бірге университетіміздегі кез келген аудиторияда, зертханаларда, цехтарда бейне бақылау камераларын орнатып жатырмыз. Сол арқылы оқытушының сабақ жүргізу барысын толық бақылауда ұстамақпыз. Тіпті қанша студенттің дәріске қатысып отырғандығы да арнайы экраннан көрініп тұратын болады. Енгізіліп жатқан тағы бір ерекше жаңалық деп айтсам болатын шығар. Себебі ендігі кезекте бізде емтихан сессия кезінде сабақ жүргізген оқытушы емтихан қабылдамайды, альтернативті оқытушыларды қоямыз. Сабақ жүргізген оқытушы ағымдық баға және аралық бақылауды қабылдайтын болады. Міне бұл айтылып отырған жаңашылдықтар білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қандай да бір кері әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Сонда қалай? Арнайы өкілдер қанша студент сабаққа қатысып отырғандығын білу үшін, бейнебақылаудағы бейнелерді санап отыра ма?

Жоқ, бейнебақылау тек жалпылама көрсетілім ғой. Әрбір аудиторияға электронды құлып саламыз. Әрбір оқытушының білім алушының, өзінің пластикалық карточкасы болады. Осы карточка арқылы аудиторияға кім кіріп кім шыққаны туралы ақпарат көрсетіліп тұрады. Ал сабақта қанша студент бар екенін автоматты түрде көрініп тұрады. Егер де карточкаңызды басқа студентке берсеңіз, сіздің карточкаңыз автоматты түрде блокқа түседі.

Біздің білім ордамызда өндіріспен сәйкес келетін зертханалар жеткілікті. Сол жерде адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де аталмыш сандық үлгіні енгізуге тиіспіз. Ал жемқорлыққа қарсы шаралардың біршамасы тәрбие департаментінің жұмысы. Сол тұрғыда емтихан кездерінде құпия сауалдар жүргізілетін болады. Әлгі сауалнамалар арқылы білім алушыларға түрлі бағытта талдаулар жасалатын болады.

Жемқорлықтың алдын алу деп қалдыңыз. Дамыған елдерде оқытушы-тек білім беруші тұлға ғана. Ал емтиханды студенттер арнайы орталықтарда тапсырады. Бізде де осындай арнайы орталықтарды ашуға бола ма?

Әрине, бізде ондай орталықтар бар. Білім алушылар алдағы емтихандарын осы сессиядан бастап арнайы орталықтандырылған орындарда тапсырады. Білім алушылар аты-жөні арқылы емес, кодпен тапсырады. Ол жерде оқытушы студенттің кім екенін мүлде білмейтін болады. Тіпті кімді тексеріп жатқанын да білмейді. Баға да жауабына қарай қойылады. Бәрі әділ, бәрі ашық түрде.

Қазіргі уақытта жастарға еркін білім алу жүйесін қалыптастыру өте маңызды, студенттердің бойындағы мектептен қалыптасқан «Мұғалімге тәуелділік» психологиясын қалай жоюға болады?

Жоғарыда енгізіліп жатқан жобалардың барлығы дәл осы «Мұғалімге тәуелділік» психологиясының алдын алуға бағытталып отыр. Әрине, жүргізіліп жатқан жұмыстарға уақыт керек. Мұғалімге тәуелді болмау үшін, білім алушыларға арнайы қызмет көрсету орталығын аштық. Автоматты жүйені енгіземіз, электронды түрде барлығын ашық қабылдаймыз. Осы кезде барып оқытушы мен студенттің бір-біріне деген тәуелділігі мүлдем жойылады.

Әңгімеңізге рахмет!

Студенттік парламенттің Төрайымы Т.Құрбаналиева

АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ СТУДЕНТОВ КАК УСЛОВИЕ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Махатма Ганди: «Хочешь изменить мир — начни с себя»



КазАТУ им. С.Сейфуллина - это образова-тельная и научно-исследовательская организация, деятельность которого нацелена на обучение, научные исследования и развитие информационных технологий. Качество образования основывается на целенаправленной деятельности, которая следует принципам добросовестности, доверия, толерантности, справедливости и ответственности. Высокий уровень подготовки студентов, магистрантов и докторантов достигается путем качественного преподавания и академической честности.

Академическая честность - это фундаментальная ценность образовательного учреждения. Честно выполняя академические задания, обучающиеся поддерживают

основополагающие ценности образовательного учреждения, одновременно обеспечивая необходимый уровень передачи знаний и культуры посредством формирования новых и инновационных идей.

Студенты КазАТУ являются частью мирового сообщества студентов. В мировом сообществе студентов (за границей) не принимают слова «Коррупция», так как они придерживаются принципа «Академическая честность». Неотъемлемое качество каждого студента – это академическая честность перед самим собой. Каждый студент должен привить в себе качество как АКАДЕМИЧЕСКАЯ ЧЕСТНОСТЬ!

Формирование приверженности принципам академической честности отражено во внутренних нормативах университета: Кодекс чести студента, документы, регулирующие систему менеджмента качества университета (образовательные программы, система оценки учебных достижений, требования к экзаменам, правила поведения обучающихся, ППС и др.). Виды дисциплинарной ответственности за нарушения образовательных принципов регламентированы в методическом указании об Академической честности.

В рамках проведения мероприятий по противодействию с коррупцией была внедрена образовательная дисциплина «Основы права и антикоррупционной культуры» для студентов первых курсов. Переход к новой образовательной программе позволит подготовить обучающихся с высоким уровнем нетерпимости к коррупции.

Академическая честность является нормой и правилом для каждого свободного, ответственного, прогрессивного человека. Воспитание академической честности – обязательная составляющая жизни и деятельности нашего университета.

Целенаправленная работа по соблюдению принципов академической честности со стороны коллектива нашего университета и обучающихся позволит формированию важных для современного человека качеств: честный и принципиальный, уважающий других людей, их интересы и труд, знающий и умеющий пользоваться информацией, мыслящий критически.

*Старший преподаватель кафедры Экономической теории и права
Амерханова И.К.*

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.

Редакторы - Б.Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Б. Жұмабайқызы,

Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы, редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін

және ол үшін жауапты емес.